



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 37-38 (8300-8301) Сенбі 18 сәуір 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

ӨРТКЕ ҚАРСЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ШАРАСЫ ӨТТІ

Е.Токсабаев,
өрт сөндіру командасының
бастығы, аға сержант.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігімен бекітілген жоспарға сәйкес, өткен сәрсенбіде Жібек жолы ауылы аумағында орналасқан №28349 әскери бөлімінің территориясында ішкі істер Министрлігінің ТЖК бөлімшелерінің қатысуымен шартты өртті сөндіру бойынша өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді.

Аталмыш оқу жаттығудың басты мақсаты-шартты нысанда өрт сөндіру жұмыстарын ұйымдастыру ісінде басшы және қатардағы жеке құрам арасында тәжірибені машықтау, пысықтау болып табылады.

Оқу-жаттығу сценарийі бойынша аты аталған әскери бөлімнің техникалық аумағында өрт шығады. Төтенше жағдай орын алған жерге, шақыру бойынша Байзақ ауданы гарнизонының өртке қарсы



қызметінің күштері мен техникалық құралдары жіберіледі.

Жедел түрде, оқыс оқиға орын алған жерде өрт сөндіру штабының жұмысы ұйымдастырылып, 2 жауынгерлік учаске құрылады.

Өрт сөндіру ережесінің талаптарына сай ұйымдастыру жұмыстарының

нәтижесінде жалпы көлемі 85м2 алаңды құраған тілсіз жау дер кезінде ауыздықталып, алға қойылған тапсырма өз деңгейінде орындалды.

Аталмыш оқу-жаттығу барысын бақылаған облыстық Төтенше жағдалар департаментінің ТЖ жою бөлімінің бастығы, өртке қарсы қызмет

подполковнигі А. Дадаев әскери бөлім жеке құрамы қызметкерлерінің шеберліктерін ерекше атап, өрт сөндірушілердің іс-әрекеттеріне оң баға берді.

Өз кезегінде әскери бөлім командирі, полковник А. Әльчибаев арнайы шұғыл қызметтердің кез келген уақытта жауынгерлік дайындықта тұруын пысықтау мақсатындағы оқу-жаттығулардың маңыздылығына тоқталып, өрт сөндіруде шеберлік танытқан қызметкерлерге алғыс айтумен қатар, салтанатты түрде марапаттау қағаздарын табыстады.

Өткізілген өрт-техникалық оқу-жаттығу шарасына әскери бөлімнің 2 дана-АК-8-40, 1-дана шынжыр табанды өрт сөндіру техникалары, Байзақ ауданы гарнизонының өртке қарсы №№1,8 қызмет бөлімшелері, кезекшілік өрт сөндіру қызметі мен Жамбыл облысы ТЖД ТЖ жою бөлімінің қызметкерлері, жалпы алғанда 7 дана өрт сөндіру техникасы мен 43 өрт сөндіру қызметкерлері және аты аталған әскери бөлімнің жеке құрамы қатысты.

Р.Джакипбаева,
«Ауыл жаңалығы».

Стало доброй традицией ежегодно проводить слёты юных инспекторов дорожного движения.

ЮИДовское движение, появившееся ещё в советском государстве, вновь возродилось в Казахстане в начале 2000-х годов. И с тех пор проводится ежегодно. В настоящее время в Казахстане оно насчитывает около 6 тысяч отрядов, которые охватывают 77 процентов школ. Это движение обогащается новыми направлениями работы, становится всё более массовым, интересным и полезным.

Основные задачи деятельности ЮИД – это пропаганда Правил дорожного движения среди детей и подростков, предупреждение детского травматизма на дорогах. Но оно преследует также и воспитательные цели: способствует углублению общеобразовательного

ЮИДовскому движению - зеленый свет

ВЫРАСТИМ ДОСТОЙНУЮ СМЕНУ

Амангельды. Организаторами слёта были Байзакский районный отдел внутренних дел и отдел образования акимата района.

В этом году оно было массовым – в слёте приняли участие 21 отряд со всех школ района.

В программе слёта были предусмотрены соревнования по 9 номинациям: смотр строя и песни, юные регулировщики, знатоки Правил дорожного движения, юные санитары, юные пропагандисты, конкурс командиров, соревнования юных велосипедистов «Безопасное колесо» и т.д.

Для того, чтобы принять участие в слёте и достойно выступить, участники должны



дорожного движения, оказанию первой медицинской помощи, а также демонстрировали знания в конкурсах «Юный водитель», «Юный регулировщик». Юные инспекторы дорожного движения соревновались и в ярком театрализованном конкурсе.

Работу слёта оценивали специалисты – методист отдела образования акимата района И.Спаналиева, заместитель начальника отдела административной полиции Байзакского РОВД Д.Абдикей, руководитель группы ювенальной полиции Байзакского РОВД К.Асанбаев.

Судьям пришлось нелегко – оценить работу 21 отряда по 9 номинациям – задача не из лёгких, тем более, что все отряды, учитывая опыт прошедших лет, подготовились к слёту основательно. Все отряды выполняли задания чётко, организованно. Особенно зрелищным был смотр строя и песни, когда отряды в парадной форме выходили на плац и шли торжественным маршем с песней, демонстрируя свою строевую выправку. Одним словом, на проверку оказалось, что все отряды

были подготовлены к слёту хорошо. И назвать достойных было не так то просто.

Взвесив все «за» и «против», подсчитав набранные баллы, жюри всё же пришлось к единому мнению - по итогам соревнований наибольшее количество баллов набрал отряд резервного центра «Дихан». Ему и было присуждено первое место. Второе место разделили отряды средних школ имени «40 лет Казахстана» и имени Амангельды. А третье место уже поделили между четырьмя средними школами района: имени Ч.Валиханова, Н.Аксабаева,

Жамбыла и Улыгулинской средней школой.

За свои старания победители были награждены Почётными грамотами и ценными призами Байзакского районного отдела внутренних дел. А остальные участники были отмечены Благодарственными письмами районного отдела образования.

Отряд резервного центра «Дихан», завоевавший первое место, отправится защищать честь района на областном слёте, который скоро состоится в городе Таразе.

Слёт юных инспекторов дорожного движения превратился в настоящий праздник для старшеклассников, и ещё раз доказал, что движение ЮИДовцев играет большую роль в деле воспитания подрастающего поколения. Ребята, носящие гордое звание «Юный инспектор дорожного движения», вырастают достойными гражданами своей Отчизны, служат проводниками идей добропорядочного образа жизни, уважительного отношения к окружающим, становятся достойной сменой для тех, кто сегодня обеспечивает порядок и безопасность на наших дорогах.



процесса, существенно влияя на культурный уровень подрастающего поколения.

Районный слёт юных инспекторов дорожного движения, посвящённый памяти сотрудника дорожной полиции Народного Героя Г.Байтасова, прошёл недавно на базе средней школы имени

были не только изучить Правила дорожного движения, уметь оказать доврачебную помощь пострадавшему, но и уметь и интересно представить свой отряд в конкурсе, проявить смекалку, знания, умение.

По ходу конкурсов ребята отвечали на вопросы по Правилам

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Бесінші сайланған Байзақ аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXIX сессиясы 2015 жылғы 20 сәуір күні сағат 9.30-да мәжіліс залында мынадай күн тәртібімен өтеді:

1. Байзақ аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 қыркүйектегі “Байзақ ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы” Байзақ аудандық мәслихатының №20-3 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Аудандық мәслихат аппараты.



САЙЛАУ-2015

ОРТАПЫҚ САЙПАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 10 сәуірден бастап әр азамат сайлаушылар тізімдеріндегі өзі туралы деректерді тіркелген жері бойынша сайлау учаскесінде тексере алатынын хабарлайды.

Конституцияға және сайлау заңнамасына сәйкес он сегіз жасқа толған әр азаматтың сайлауда дауыс беру құқығы бар.

Сайлаушының бұл құқығын іске асыра алу үшін әкімдіктер сайлаушылар тізімдерін жасайды және мәліметтердің растығы мен толықтығына жауапты болады.

Азаматты нақтылы сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұратын жері бойынша тіркелу фактісі негіз болып табылады.

5 сәуірде сайлау туралы заңға сәйкес әкімдіктер тиісті учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша сайлаушылардың жаңартылған тізімдерін тапсырды. Әкімдіктердің, сайлау комиссиялары мен мүдделі мемлекеттік органдардың сайлаушылар тізімдерін нақтылау бойынша бірлесіп жүргізген жұмысының нәтижесінде белсенді сайлау құқығына ие азаматтардың жалпы саны 2015 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 213 мың адамға артты.

10 сәуірден бастап сайлаушылардың жаңартылған тізімдері учаскелік сайлау комиссияларының үй-жайларында танысу үшін ұсынылады және әрбір сайлаушы өзі туралы деректерді тікелей сайлау учаскелерінде дауыс беру күніне дейін және сайлау күні тексере алады. Ол үшін учаскелік сайлау комиссиясына

жеке басын куәландыратын, сондай-ақ тұрғылықты жерінде тіркелгенін растайтын құжаттармен (мекенжай анықтамасы немесе азаматтарды тіркеу кітабы) келіп, сайлаушылар тізімімен мұқият танысу қажет.

Мекенжай анықтамасын сайлаушы халыққа қызмет көрсету орталығында (ХҚО), «электрондық үкімет» порталында (электрондық-сандық қолтанбасы — ЭСҚ-сы болған жағдайда) немесе ХҚО-да орналасқан ҚҚП-терминалдан ЖСН арқылы ала алады.

Сайлаушының тегі тізімде болмаған немесе өзі туралы деректерде дәлсіздіктер жіберілген жағдайда, сайлаушы көрсетілген құжаттар негізінде өзін тізімге кіргізуді немесе қажетті түзетулер енгізуді талап ете алады.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың сайлау учаскелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР ОСК олардың кедергісіз және қауіпсіз кіріп-шығуы үшін сайлау учаскелерін мүмкіндігінше құралдармен (арнайы пандустар, тұтқалар және т.б.) жабдықтау туралы әкімдіктерге өтініш айтты.

Сайлаушылар туралы ақпаратты нақтылау үшін республиканың әрбір ауданы мен қаласында мамандандырылған Call-орталық құрылды. Ел бойынша олардың саны — 441. Өзінің ауданындағы немесе қаласындағы Call-орталығына телефон шалып, сайлаушы, сондай-ақ, өзінің сайлаушылар тізіміне енгізілгені, қай сайлау учаскесінде тіркелгені туралы мәліметтерді біліп, сонымен қатар, өзі туралы деректерді тексере алады. Call-орталықтарының телефондары туралы ақпарат жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Демалыс үйлерінде, санаторийлерде,

тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, Қазақстан Республикасына қарайтын және дауыс беретін күні жүзде жүрген кемелерде құрылған сайлау учаскелері бойынша дауыс беруді өткізетін күні аталған мекемелер мен ұйымдарда немесе кеме бортында болатын азаматтар енгізіледі.

Әскери бөлімдер бойынша оларда тұратын әскери қызметшілердің барлығы, сондай-ақ, олардың отбасы мүшелері және әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын басқа да сайлаушылар енгізіледі. Әскери бөлімдерден тыс жерлерде тұратын әскери қызметшілер сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша жалпы негізде енгізіледі.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген әрі еліміздің жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген азаматтар учаскелік сайлау комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасының азаматы деген жарамды паспорты болса, сондай-ақ, сайлаушылар тізіміне енгізілуі тиіс.

Жатақханаларда тұратын, күндізгі бөлімде оқитын студенттер мен аспиранттар жатақхананың тұрған жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі, ал жатақханада тұрмайтындар ХҚО-ға

жүгініп, жатақхананың немесе ЖОО-ның орналасқан мекенжайы бойынша уақытша тіркеле алады. Бұдан кейін олар, сондай-ақ, жатақхананың немесе ЖОО-ның орналасқан жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Еліміздің заңнамасы өз мекенінен тыс жерлерде болатын сайлаушыларға республика көлемінде кез келген учаскеде дауыс беруге құқық беру мүмкіндігін қарастырған.

10 сәуірден бастап 25 сәуір күнгі сағат кешкі 18.00-ге дейін сайлаушы тіркелген жері бойынша учаскелік сайлау комиссиясында жазбаша өтініші мен жеке куәлігін ұсынып, есептен шығару куәлігін ала алады.

Тіркелгенінен басқа елді мекенде тұрып жатқан, өз учаскесіне келіп есептен шығару куәлігін алатын мүмкіндігі жоқ сайлаушылар өзі сенім білдіретін тұлғаға нотариат растаған сенімхатының негізінде есептен шығару куәлігін алдыруға құқылы. Бұл ретте бір елді мекеннің шегінде есептен шығару куәліктері берілмейтінін есте сақтау маңызды.

Дауыс беру күні есептен шығару куәлігі мен сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясы оны барған жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізеді.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы азаматтарды белсенді болуға және өзі туралы деректерді сайлаушылар тізімдерінен уақытылы тексеруге шақырады.

**Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясы.**

САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ТАҢДАУЫ АЙҚЫН

Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидат Нұрсұлтан Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының мүшелері Атырау облысына келді. Бұл жерде олар ұлт Көшбасшысы Жақастарының Форумына қатысты, облыс белсенділерімен, Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ) мен «ШевронМұнайГазИнк» компаниясының қызметкерлерімен кездесті.

Делегация құрамында - Республикалық қоғамдық штаб жетекшісі Мұхтар Құл-Мұхаммед, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек, ҚР Парламентінің депутаттары, белгілі қоғам қайраткерлері, сондай-ақ, мәдениет пен өнер саласының өкілдері бар.

Алдағы сайлауда Елбасыға өз қолдауларын білдіру үшін «Жайық» спорт сарайына облыстың мыңдаған тұрғындары жиналды. Сөйлеген сөздерінде олар Қазақстанның табысты дамып жатқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс білдірді.

Одан әрі Салтанат сарайында РҚШ мүшелерінің Атырау облысының еңбек ардагерлерімен кездесуі болды.

Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, өңірдің құрметті тұрғыны Илия Жақанов өз сөзінде Мемлекет басшысы саясатының әлеуметтік-экономикалық қана емес, сондай-ақ мәдени саладағы табысты дамуға да бағытталғанын қадап айтты.

«Мемлекет басшысының бастамасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы іске асырылды, соның арқасында әлемдегі түрлі кітапханалар мен мұрағаттардан,

«Ассамблеяның әр сессиясында, әр форумда біздің Елбасымыз бейбітшілікті, келісім мен халықтардың бірлігін үнемі жақтаумен келеді.

біреулерден есту арқылы ғана білмейтінін және еліміздегі барлық еңбеккерлердің оның қамқорлығын сезетінін атап өтті.

«Елбасы біздің аймақтың дамуына әрқашанда ерекше көңіл бөлді. Бүгінгі күні біздің зауытта екі көлемді инвестиция - хош иістелген көмірсутегі өндіру және тереңде өңделетін мұнай өнімдерін өндіру іске асырылуда. Зауыт заманауи үлгілер бойынша жабдықталған, жаңа технологиялар енгізілуде. Біздің аймаққа көптеген миллиард инвестициялар тартқан Нұрсұлтан Назарбаев болмағанда, осының бірі де болмас еді», - деп атап айтты Ә.Гумерова.

Зауыт жұмысшылары да Еңбек Адамын қолдағаны үшін Елбасына алғыс айтты.

«Өндіріс цехының жұмысшысы ретінде мен жыл сайын бізде жаңа жұмыс орындарының пайда болуының, еңбек жағдайының жақсаруының, жетістіктеріміздің артуының куәсімін. Осының бәрі біздің ертеңгі күнге деген сенімімізді арттырады, сондықтан да мен өз отбасымның игілігі үшін, яғни, еліміздің игілігі үшін

еңбек етемін және менің елімнің гүлдене түсуі үшін Елбасына дауыс беремін!», - деді Атырау мұнай өндіру зауытының хош иістелген көмірсутегі өндіру кешенінің операторы Қасиет Лұқпанов.

Кездесулер барысында Атырау облысының халқы алдағы сайлауда өздерінің Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс беретіндерін бірауыздан мәлімдеді.



Атырау облысы жұртшылығымен кездесу сәті

біздің еліміз үшін ерекше маңызы зор бірегей жәдігерлер табылып, Қазақстанға әкелінді», - деді Илия Жақанов.

Өз кезегінде еңбек ардагері Любовь Монастырская бүгінгі қазақстандықтардың - ынтымағы жарасқан бір үлкен отбасы болуына, Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында дүниеге келген Қазақстан халқы Ассамблеясының аткарып жатқан қызметінің зор екенін атап өтті.

Біздің бәрімізге - Көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың маңайына топтасқан - бір ұлт екенімізді түсінудің маңызы зор», - деді Любовь Монастырская.

Түстен кейін РҚШ мүшелері Атырау мұнай өңдеу зауыты қызметкерлерімен жүздесті. Ұжымның атынан зауыт қызметкері Әлфия Гумерова сөз сөйледі. Ол еңбек адамының қажеттілігін Мемлекет басшысының



САЙЛАУ-2015

БАТЫС СТАНДАРТТАРЫНЫҢ

ТЕРІС ЫҚПАЛЫ ТАПҚЫПАНДЫ

Астана қаласында ҚР Президенттігіне кандидат Т.Сыздықов пен Республикалық сайлауалды штабтың жетекшісі А.Қоңыров кезектен тыс сайлауды бақылау жөніндегі Республикалық қоғамдық комиссияның өкілдерімен кездесті.

Тараптар сайлауалды науқанының барысы туралы сұхбаттасты, сайлау комиссиялары жұмысында қоғамдық бақылаудың маңыздылығына тоқталды.

Т.Сыздықов комиссия өкілдеріне штаб жұмысы туралы мәліметтер беріп, насихат материалдарымен таныстырды, аймақтардағы шаралар және алдағы жұмыс жоспары туралы айтып берді.

Қазақстанда сайлау насихатын өткізуге барлық мүмкіндік жасалған. Сайлау науқанын жүргізу барысында аймақтық сайлау комиссиялары тарапынан берілген кеңестер мен тиімді заң талаптары, БАҚ-тың мәселелерді толықтай қамтуы, Орталық сайлау комиссиясы тарапынан дайындалған әдістемелік нұсқаулықтар – мұның барлығы сайлау науқанын қалыптасты және келеңсіз өткізуге толық мүмкіндік береді – деп атап өтті кандидат.

А.Қоңыров бақылаушылардың назарына ҚКХП кандидатының үгіт насихат материалдары БАҚ-та толық жарық көріп отырғандығын жеткізді.

Сайлау науқаны басталғалы бері БАҚ-пен тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде 40-қа жуық Интернет желілерінде біздің кандидатымыз және сайлауалды штаб туралы жүздеген материалдар және бұқаралық ақпарат құралдарында 20-дан аса мақала жарық көрді.

Жалпы алғанда, сайлау науқаны басталғалы республикалық штабтың ұйымдастыруымен Тұрғын Сыздықовтың Қазақстанның 5 аумағында сайлаушылармен 11 кездесуі өтті.

ҚКХП кандидатының насихат автокеруені Ақмола, Солтүстік-Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Шығыс Қазақстанда болды.

Бүгінгі күнде сайлауалды науқанға облыс орталықтарының 203 қалалық және аудандық комитет, 2000-нан аса бастапқы партиялық бірлестік қамтылған. Аймақтық штабтар сайлаушылармен кездесу ұйымдастыруда. Насихат жұмыстары партияның бастапқы өкілдіктерінде қолға алынған.

Кездесу соңында, қос тарап кездесу барысында ашық және пайдалы сұхбат болғандығын атап өтті.

* * * * *

ҚР Президенттігіне үміткер Т.Сыздықовтың Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстық сайлауалды штабтары өткізген іс-шаралары туралы баяндап берді.

Өскеменде кандидаттың сайлаушыларымен екі кездесуі өтті. Кездесуде Тұрғын Сыздықов сайлауалды бағдарламасының басты бағыттарымен таныстырды және сұрақтарға жауап берді.

Кандидаттың сенімді тұлғалары тұрғындар арасында насихат жұмыстарын жүргізуде.

Павлодар облыстық сайлауалды штабының жетекшісі үгіт-насихат науқаны кезінде партияның басты назары батыстық мәдениет пен құндылықтардың кері әсеріне бөлініп отырғанын мәлім етті.

Кандидаттың сайлауалды тұғырнамасы Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясының идеяларын насихаттап, марксизм-ленинизм идеяларына негізделіп құрылған.

Сайлаушылар коммунистердің көзқарасы, өмірдің мазмұны және ережелері туралы хабардар болуда.

Қарапайымдылық және небескүйгіштік, шашпалық пен ысырапшылыққа жол бермеу нағыз лениншілдерге тән қасиет.

Ұжымдық және бірегейлік партия құрылымының негізі. ҚКХП мүшесі дегеніміз тек өзінің қамын ойламай, жолдастарына көмекке келуге әзір болу, ұжымның мүддесін өзінікінен жоғары қою.

Коммунистік партияның мүшесі батыс қоғамының теріс ықпалына берілмеуі керек, қоғамдық идеалдарды батыстық тұтынушылық стандарттардың алмастыруы жастарды «тоғышар тұтынушыға» айналдыруы мүмкін.

«Еуропалық елдерде тұтынушылық қоғам құрылымдарының қалыптасуынан туындағын батыстық мәдениет дағдарысы батыстық өркениеттің әмбебап құндылықтар мен әлеуметтік тұрмыс-тіршілік нормаларына деген наразылықтарына қарама-қайшы келуде, - делінген кандидаттың сайлауалды тұғырнамасында.

* * * * *

Қарағанды қаласында да батыстық өмір құндылықтары туралы сөз қозғалды.

«Батыс жастары отбасылық құндылықтар, дәстүр, бірзділік, үлкендерді құрметтеу, отансүйгіштік сияқты адамгершілік қасиеттерге мүлде жат тұтынушылық стандарттармен өмір сүріп жатыр. Мұның бәрі рухани нигилизмге үндейтін ашық насихаттың салдары. Мұндай қоғамда өмір сүретін адамдардың өмірлік қағидаттары –

жалқаулық және материалдық ашкөздік, толық моральдік жауапсыздық», - деп атап өтті кездесу барысында сенімді тұлғалар.

Батыстық үлгінің ең негізгі қауіпті көріністері – компьютерлік ойындар, фильм-блогбастерлер, сапасыз әдебиет арқылы кең тараған зорлық-зомбылық, қаталдық культтері. Шектеулі тұтынушылыққа тәрбиелейтін жаппай зорлық-зомбылық насихаты жастарды өз торағына түсіріп, ақыл-есінен, адамгершілік қасиеттерінен айыруда. Сол арқылы адам өмірі күнсызданып барады.

Кандидаттың хабарлауынша, сананың классикалық әмбебап құндылықтары және әлеуметтік өмірдің шарттары жойылууда.

Батыстың кемшіліктері әсіресе мәдениет саласында анық байқалады. Себебі, тұтыну, көп жағдайда, материалдық қажеттілікті қанағаттандыруды өмірдің мәні деп қарастырады.

Батыс адамы бірте-бірте адамгершілік құндылықтарын жоғалтуда. Кез келген әдіспен айналасынан ерекшеленіп, өзіне назар аударғысы келеді. Батыстық мәдениет бизнестің бір



Республикалық қоғамдық комиссия өкілдерімен кездесу сәті

тармағына, ал оның басты шарттары шектеулі материалдық құндылықтарға айналды.

Өмірдің мәні материалдық мүдделерін қанағаттандыруға, ал барлық қоғамдық үрдістер бизнеске бағытталған.

Мықты моральдік негізі, түп тамыры, ұлттық санасы, қандайда бір діни ұстанымдары мен ұлттық рухани идеялары болмаса, ондай елдің болашағы да жоқ.

Батыс мәдениетінің аясында тәрбиеленген адам өмірдің мәнін тұтынушылықтан іздейді.

Мемлекеттің басты байлығы – оның адамдары. Салауатты, зайырлы ұлт қағидаттары адамға нәресте шағынан сіңірілуі керек. Балалар тек пайдалы тағамдарды тұтынып, дене шынықтырумен айналысып, сезім, сыйластық және құрмет сияқты отбасылық құндылықтарды танып өсуі керек.

Адамдар зияткерлік, білімпаздықтарын жоюда және келешек ұрпақтарының және өздерінің денсаулықтарын құртуда. Жастар дәстүрлі құндылықтар мен қоғамдық идеалдарды танып өскенде ғана батыстық мәдениеттің ықпалынан құтылады.

* * * * *

Сонымен қатар, ҚКХП ұсынған ҚР Президенттігіне кандидат Т.Сыздықовтың Алматы және Павлодар облыстарындағы аймақтық сайлауалды штабтары өз жұмыстарын жалғастыруда.

Талдықорған қаласында сенімді тұлғалар батыс стандарттарының теріс ықпалы туралы әңгіме қозғады.

«Батыс жастары отбасылық құндылықтар, дәстүр, бірзділік, үлкендерді құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттерге мүлде жат тұтынушылық стандарттармен өмір сүріп жатыр. Мұның бәрі рухани нигилизмге үндейтін ашық насихаттың салдары.

Мұндай қоғамда өмір сүретін адамдардың өмірлік қағидаттары – жалқаулық және материалдық ашкөздік, толық моральдік жауапсыздық», - деп атап өтті Алматы облыстық сайлауалды штабтың жетекшісі.

Батыс қоғамында әлеуметтің одан әрі жеткілікті өрбуі үшін тұлғаның моральдік-психологиялық дамуы мойындалмайды.

Айтылған мәселелердің бастауын ҚКХП жанұялық-туысқандық және ұлттық ерекшеліктерді ескермейтін батыс құндылықтарын кең насихатталуынан көреді.

Сонымен қатар ҚКХП кандидаты Т.Сыздықовтың сайлауалды бағдарламасы Павлодар қаласында талқылану үстінде.

Шетелдік жаттанды тақырыптар БАҚ, киноөнімдер, түрлі танымал ток-шоулар және журналдар арқылы таралуда. Алғашқы болып өзінің құндылығын жанұя және неке институттары жоғалтуда.

Жанұялық өмірдің мұндай көлеңкелі жақтары өлшем

және тең құқылық ретінде беріліп жат үлгілер мен өмірлік шарттарды көзсіз көшіру адамилықтан ауытқуға, жекелей енжарлыққа, азаматтық немқұрайдылыққа әкеледі.

Бүгін буындары қатып үлгермеген әлемнің барлық жастары батыстық киімдерді киеді, шетел әуендерін тыңдайды, голливудтық фильмдерді және сериалдарды көреді.

Батыс сән үлгісінің ең қауіпті көріністері – компьютерлік ойындар, фильм-блогбастерлер, сапасыз әдебиет арқылы кең таралған зорлық-зомбылық, қаталдылық культтері.

Мұның барлығы – бос уақыт өткізу емес, бұл тұтыну мәдениетінің жалпыға бірдей таралу үрдісі.

* * * * *

ҚКХП ұсынған ҚР Президенттігіне кандидат Тұрғын Сыздықов Орал қаласындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде студенттер және оқытушылармен кездесу өткізді.

Кездесу барысында ҚР Президенттігіне кандидат партия жұмысы мен өзінің сайлауалды тұғырнамасының негізгі бағыттарымен таныстырды.

«Қазақстанның Коммунистік Халықтық партиясы – коммунистік идеяны ұстанатын азаматтардың ерікті бірлестігі.

Біздің жұмысымыз қоғамдық дамудың тұтас материалистік теориясы ретінде марксизм-ленинизм идеясына негізделіп құрылған.

Біз өз жұмысымызды әділ қоғам туралы марксистік-лениндік түсініктерді сактай отырып құруға және осы арқылы әділетсіз тұстарын жоюға тырысамыз.

Соңғы жылдары халықаралық ұйымдардың диетологтары дабыл қағуда.

Барлық батыс елдері дұрыс өмір салтын қолданбау, тамақтану мәдениетін ұстанбау және фаст-фудтың кесірінен семіздік, жүрек-кантамыр аурулары, қандағы қант деңгейінің өсуі, есту, көру, қол-аяқ жұмысының бұзылуы сынды денсаулық ақауларынан зардап шегіп отыр.

Бүгінде дәрігерлер батыс елдеріндегі тұрғындар арасында семіздіктің өршуін тез тамақтану немесе фаст-фудтың кесірі деп біледі. Фаст-фуд тағамдарының кері әсеріне қарамастан үлкен қалаларда оның тұтынушылары күн санап өсуде. Тұтастай алғанда, фаст-фуд секілді тез дайындалатын өнімдер, газды сусындар – медиа жарнамалардың арқасында әлемге тез таралып кетті.

Түрлі арнайы дәмдеуіштер және тездайындалатын тағамдарды тұрақты қолдануыларына бой алдырту арқылы фаст-фуд тағамдарынан бүгінде қауіп туындауда.

Мұндай тағамдарды сатып алатын және қолданатын әлемнің барлық адамдары, әсіресе жастар батыстық корпорациялардың пайдасы үшін өз денсаулықтарын және өмірлерін қатерге тігуде.

Фаст-фудтың құрамында көптеген консерванттар, ас дәмдеуіштер, бояулар, тағам қоспалары секілді түрлі химиялық қоспалар бар екендігі ғалымдар тарапынан дәлелденді. Сонымен қатар, оның құрамына денсаулыққа зиянды мөлшерден тыс қант және тұз қосылады. Әрбір гамбургердің құрамындағы қатерлі және белгісіз токсинді заттар трансмайлар – канцерогендер түрлі қатерлі ісік ауруларына шалдықтырып, адам ағзасын бой алдыртып және біртіндеп улауда.

Т.Сыздықовтың айтуынша, фаст-фудпен қатар тұтынушылардың денсаулығына түрлі газдалған сусындар да кері әсерін тигізуде. Кейбір сусындардың құрамы Менделеев кестесін елестетіп, адамның ас қорыту жүйесінде кері химиялық әсер береді.

Көптеген елдерде фаст-фудтың кесірінен туындаған семіздік ауруы ұлтқа төнген қауіппен теңестірілген деді Т.Сыздықов.

Адамгершілік, қайырымдылық, сенім, бірзділікті жоғалтудың аз ақ алдында тұрған адамдар жеке басының өсуі мен дамуына көңіл аудармайды. Сонымен қатар, олар бұқаралық қолданушыларға арналған медиа-өнімдерді автоматты түрде қолданатын тұтынушыларға айналады. Бұның қатарына жеңіл өмірді суреттейтін, жалғанға толы және жансыз өнімдерді жатқызуға болады деді Т.Сыздықов.

Т.Сыздықовтың ойынша әсіресе, батыстық мультфильмдер және компьютерлік ойындар көңілге кірбің ұялатады.

Телевизор және гаджеттердің экрандарынан тек қана арамзалық, азғындық және мәдениетсіздік төгілуде.

Кездесу соңында президенттікке кандидат Т.Сыздықов студенттер және оқытушылардың кейбір сұрақтарына жауап беріп, өзінің алдағы сайлауалды жұмыс жоспарымен бөлісті.

Одан әрі кездесу барысында облыстық сайлауалды штабтың жетекшісі С.Жарылғасымов сөз алып, қысқаша түрде сайлауалды науқанының насихат жұмыстары және іс-шаралар туралы айтып берді.



САЙЛАУ-2015

ӘРБІР АЗАМАТТЫ ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІНЕ БЕЛСЕНЕ АРАЛАСУҒА ШАҚЫРДЫ

Жуырда Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов Ақтөбе облысының жұртшылығымен кездесті.

Кездесу барысында Әбілғазы Құсайынов жиын қатысушыларын экологиялық мәселелерді айқындап, шешуге негізделген өз сайлауалды бағдарламасының басты бағыттарымен таныстырды.

«Алдымен, басты міндеттерімізді айқындап алайық. Экологиялық проблема – табиғаттың құрылымы мен қызметін бұзатын қоршаған ортадағы теріс құбылыстар. Бұл дегеніміз, адамзат тұрмысынан туындаған антропогендік түрлену.

Экологиялық түйткілдер адамзаттың күрт өскен өнеркәсіптік әрекетінің айналаға әсерінен туындап отыр.

Қазірдің өзінде адамдар күн сайын еселеніп келетін экологиялық дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатқаны жасырын емес. Ол барша өркениеттің дағдарысына айналып барады», - деді ҚР Президентігіне кандидат.

Ә.Құсайыновтың айтуынша, экологиялық жүйе қызметі мен адам қоғамының табиғатпен қарым-қатынасы арасында тепе-теңдік жоқ.

Одан әрі кандидат жиналған жұртты адамзат қоғамы алдында тұрған маңызды жаһандық экологиялық проблемалармен таныстырды, атап айтқанда: қоршаған ортаның ластануы, парниктік газдардың зияны, ғаламшардың «озон қабатының» сөгілуі және т.б.

Адамның іс-әрекетінен қоршаған ортаның ластануы барлық жер қыртыстарын: атмосфера, гидросфера мен литосфераны қамтып, өткір мәселеге айналып барады.

Оның ішінде бірінші әрі маңыздысы – жаһандық климаттың өзгеруі. Адамның өнеркәсіптік тұрмыс-тіршілігінен түзілген парниктік газдардан климат антропогендік өзгеріске ұшырады.

XIX ғасырда температура 0,1 градусқа өсті. XX ғасырда бұл өсім әр жыл сайын 0,3 градусқа жетті. Ал XXI ғасырдың 15 жылында орташа жылдық температура 0,8 градусқа жылып отыр.

Ғаламшардың жаһандық жылынуы мұздықтарды ерітіп қоймай, топырақтың беткі қабатын қуратып отыр. Бұл үлкен қауіп төндіруде.

Климат өзгерісінің зардабын, ең алдымен, ауылшаруашылық жайылымдар тартып отыр, шаруашылық мақсаттағы жерлердің 63%-ы эрозияға ұшыраған. Жыл сайын шөл даланың жалпы аумағы 27 млн гектарға кеңіп келеді. Сондай-ақ, жаһандық жылынудан жаңа аурулар туып, қауіпті микробтар пайда болады.

Адам өз іс-әрекетінен туындаған экологиялық ауытқудың құрбанына айналып отыр: кейбір мәліметтерге сенсек, су ресурстарының, атмосфералық ауа мен жер қыртысының ластануынан туындаған аурулардан әлем бойынша адамдардың 40%-ы өмірден өтіп жатыр.

Ә.Құсайыновтың айтуынша, фотохимиялық түтін, қышқыл жаңбыр, топырақтың құнарсыздануы, ормандардың құртылуы, құрғақшылық, ауадағы қауіпті қалдықтар, биосфера генофондының азаюы сынды қауіпті экологиялық құбылыстар, біздер, адамдар үшін, қалыпты жағдайға айналды.

Осы орайда қуат көзі мен табиғат ресурстарын үнемдеу мәселесін де назардан тыс қалдырмау керек.

Біз – адамдар, жаңартылмайтын ресурстарды жойып, флора мен фаунаны талқандап, табиғат циклін бұздық – бір сөзбен айтқанда, бізді жаратқан табиғатқа өзіміз зиян келтіріп отырмыз», - деді Құсайынов.

«Айналымның бәрі өзгеріске ұшырады – аңдар қырылып, сирек өсімдіктер жойылып кетті, аралдарды су басып, табиғи апаттар тұтас қалаларды

киратуда.

Соған қарамастан, адамдар техникалық баспалдақтағы серпілісін жалғастырып, ғаламшарға тұтынушылық қатынасын тоқтатар емес. Табиғаттың құнын соңғы тамшысына дейін сорып алуға дайын.

Адамзат қоршаған ортаны құртып бара жатқан іс-әрекетін тоқтатпаса, жағдай қиындауы мүмкін.

Сол себепті, бүгінде экология ғылымына биологияның бір саласы деп қарамай, оған әлдеқайда тереңнен бойлау қажет», - деді кандидаттың Ақтөбе облысындағы сайлауалды штабының жетекшісі Ігілік Сағиев.

«Экологиялық мәдениет қазіргі қоғамның маңызды бөлігіне айналуы керек.

Табиғатты қорғау, табиғат ресурстарын дұрыс пайдалану мәселелеріне қоғам назарын тарту жұмыстарын күшейту маңызды.

Кәсіпорын мен ұйымдардың жер қойнауын, су ресурстарын, орман, қазба байлықтары мен өзге де табиғат ресурстарын дұрыс пайдалануларына мемлекеттік бақылау

әлем бойынша, 21,9 гектарға тең. Ал Жер шарының биологиялық мүмкіндігі 15,7 гектарды ғана құрайды. Яғни, өздеріңіз байқағандай, Жерді мекендейтін 7 миллиард адамның әрбіреуін таза, ластанбаған, құнарлы жермен қамту үшін кем дегенде 6,2 гектар жетпейді. Бұл өте күрделі мәселе», - деді Ә.Құсайынов.

Кандидат XIX ғасырдың соңынан бері әрбір жаңа онжылдық алдыңғысына қарағанда жылынып бара жатқанын мәлім етті. 20 ғасырдан бері орташа ауа температурасы 0,74 градусқа өсті. Мұның үштен екі бөлігі соңғы отыз жылға тиесілі. Тұрақты температуралық көрсеткіш ғасырлар бойы сақталып келген табиғат үшін бұл үлкен өзгеріс», - деді Әбілғазы Құсайынов.

Көптеген елдерде жасыл технология өндіріске енгізілмей келеді, тіпті, оны жатырқап отырғандар қаншама. Табиғи ресурстар кешенін біріктіретін ортақ термин – экологияны күйзеліске ұшыратқан мұндай күрделі жағдай амалсыз алаңдатады.

«Экология – біздің ортақ үйіміз,

өмір сүру туралы қарапайым ұғымдарды сіңіріп, табиғатты және қоршаған ортаны күтіп, қорғауға тәрбиелеуіміз керек», - деді Р.Жоламан.

* * * * *

ҚР Президентігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов Атырау қаласының жұртшылығымен кездесті.

Жұртшылықпен кездесу барысында Әбілғазы Құсайынов жиын қатысушыларын экологияның қазіргі проблемаларын қозғайтын сайлауалды тұғырнамасының негізгі бағыттарымен таныстырды.

Ә.Құсайынов атап өткендей, бүгінде экология ғылымына биологияның бір саласы деп қарамай, оған әлдеқайда тереңнен бойлау қажет. Экология адам мен қоршаған ортаның қарым-қатынасын зерттейтін пәнаралық ғылымға айналуы тиіс.

«Жер жүзінде адам пайда болып, оның өркениеті өскен сайын, биосфера эволюциясында жаңа - антропогендік фактор іске қосылды. Адам биосфераны жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдалана бастады.

Алайда, қоршаған ортаны қаншалықты өзгертуге тырысқанымызбен, Жер бетіндегі тіршілік табиғаттың қатаң заңына бағынып дамиды. Сондықтан, адамзат өркениеті тұрақты даму үшін осы заңдар мен қағидалардан ауытқымауы керек.

Табиғатпен үйлесімді өмір сүру - адамның Жер бетіндегі өмір салтының негізгі қағидасы», - деп атап өтті Әбілғазы Құсайынов.

Оның айтуынша, ғылым, техника мен технологияның сапалы жаңа байланысын қалыптастырған XX ғасыр қоғамның табиғатқа әсер ету күшін арттырып, адамзатқа бірқатар өзекті әрі өткір міндеттер жүктеді.

Сол себепті, Ә.Құсайыновтың пікірінше, табиғат қойнауын тиімді әрі жоспарлы пайдалану, қоршаған ортаны ластанудан қорғау, мемлекеттік бақылаудың жоспарлы жүйесін енгізу әр азаматтың басты міндетіне айналуы тиіс.

Ә.Құсайыновтың сайлауалды тұғырнамасының тағы бір маңызды бағыты - өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері.

Кандидаттың айтуынша, өнеркәсіптік қауіпсіздік дегеніміз - өнім мен өндірістің қауіпсіздігі туралы, көп деңгейлі стандарттау мен сертификаттау туралы техникалық регламенттерді, нормаларды қатаң ұстану.

«Менің мақсатым - осы нормалардың ашық және дұрыс орындалуына қол жеткізу. Қауіпті өндіріспен айналысатын барлық ұйымдар өз жұмысшыларының, нысандары мен қоршаған ортаның қауіпсіздігіне жауапты болулары керек. Барлық кәсіпорындар өз жұмыстарын қоршаған ортаға ықпалы мейлінше аз болатындай етіп жүргізулері керек», - деп қорытты Әбілғазы Құсайынов.

Сонымен қатар, қала жұртшылығы алдында аймақтық штаб жетекшісі Садыржан Жекенов сөз сөйледі.

С.Жекенов экологиялық түйткілдердің өзектілігіне тоқталып, экологиялық проблемаларды дер кезінде шешу қажеттігін атап өтті.

«Біз туындаған экологиялық сын-қатерлерге дер кезінде тойтарыс беріп, қоршаған ортаның ластануы, су мен топырақтың құнарсыздануы сынды мәселелерді тез арада шешуіміз керек. Ең бастысы, бұл проблемалардың туындауына жол бермеу маңызды. Бұл жерде азаматтардың өзі де саналы түрде түсіністік танытулары қажет.

Сонымен қатар, экологиялық-ағартушылық қызметке де ерекше назар бөлен жөн.

Біз экология туралы білімді, қауіпсіз әрі экологиялық таза ортада өмір сүру қағидаларын, табиғат пен адамзатты қоршаған айнала туралы білімді қоғам санасына сіңіре білуіміз керек», - деп атап өтті С.Жекенов.



Ақтөбе облысының жұртшылығымен кездесу барысы

енгізу қажет.

Топырақтың, жер беті және жер асты суларының ластануына жол бермеуге қоғам назарын күшейту керек.

Сулар және ормандарды қорғау, өсімдік және жануарлар әлемін қорғай отырып, сол арқылы атмосфераның ластануына тосқауыл қою маңызды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесін енгізу қажет», - деді Ә.Құсайынов.

* * * * *

Сондай-ақ ҚР Президентігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов Ақтөбе көлік, коммуникация және жана технологиялар колледжінің ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында Әбілғазы Құсайынов мекеме жұмысшыларын өз сайлауалды тұғырнамасының негізгі бағыттарымен таныстырды.

Ә.Құсайынов атап өткендей, экологиялық проблемалар күрделі әрі өзекті болып табылады.

«Экология – адамзат тіршілігінің маңызды факторы. Біздің айналымыздағының бәрі – табиғат, біздің өмір сүріп жатқан ортақ әлеміміз. Технология ілгері дамыған сайын, «жасыл» орта осалданып барады.

Табиғат ресурстарын мақсатты әрі жоспарлы пайдалану, қоршаған ортаны ластанудан қорғау, мемлекеттік бақылаудың жоспарлы жүйесін енгізу ең басты міндетімізге айналуы тиіс», - деп атап өтті Ә.Құсайынов.

Кездесу барысында кандидат, сондай-ақ, әлем бойынша бірегей табиғи кеңістіктердің күрт азайып бара жатқанын сөз етті.

Мысалға, Жер шарындағы халқы көп аймақтарда жаһандық экожүйенің маңызды бөлшегі – батпақты жерлердің 90 пайызы мүлде жойылған.

Бүгінде, бір адамды азық-түлікпен қамтамасыз етуге қажетті жердің көлемі,

ғаламшарымыз туралы ғылым. Ғаламшарымыз жалғыз, сондықтан оны көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек», - дейді кандидат.

Өз сөзінде Ә.Құсайынов әрбір азаматты экология мәселесіне белсене араласуға шақырды. Экологиялық тепе-теңдікті сақтау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті ұстану идеясын насихаттауда азаматтық қоғам өкілдерінің рөлі орасан. Қоғамдық ұйымдар бұл жұмысқа білек сыбанып кірісуі керек.

Экология мен табиғатты қорғау мәселесінде азаматтық белсенділікті дамыту қажет.

Адамдар саналы түрде экологиялық тепе-теңдікті сақтап, табиғаттың шынайы келбетін сақтау қажеттілігін сезінулері керек.

Сонымен қатар колледж ұжымымен кездесуде Ә.Құсайыновтың республикалық сайлауалды штабының жетекшісі Рүстем Жоламан сөз сөйледі.

Р.Жоламан экологиялық проблемалардың өзектілігі мен оларды дер кезінде шешудің маңыздылығына тоқталды.

«ҚР Президентігіне кандидат Ә.Құсайынов экология мен биологиялық әртүрлілікті сақтау маңыздылығына назар аударуды көздейді.

Сондай-ақ ол экологиялық білімге де үлкен мән беріп отыр. Жалпы білім беретін мектептерде міндетті пән енгізіп отырып, экология мен оның қауіпсіздігі туралы түсінік қалыптастыру, сонымен қатар тұрақты экологиялық-ағартушылық жұмыстар жүргізу экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы білім берудің маңызды қадамдары болып табылады.

Біз жастайынан балаларымыздың санасына экология, қауіпсіз және экологиялық дұрыс



Сапарғали ӘЛІБАЙ,
«Ақ жол».

Еліміздегі халық пен мемлекеттік билік бірлігінің және АТА ЗАҢЫМЫЗДЫҢ МЫЗҒЫМАСТЫҒЫНЫҢ, АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ НЫШАНЫ ӘРІ КЕПІЛІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН РЕСПУБЛИКА ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАУЫ ӨТЕТІН КҮНГЕ ДЕ САНАУЛЫ ҒАНА УАҚЫТ ҚАЛГАНДЫҒЫ БЕЛГІЛІ. СОҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ГАЗЕТИМІЗДІҢ ТІЛШІСІ ОБЛЫСТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ НАДЕЖДА ТРОФИМОВНА ВРУБЛЕВСКАЯҒА ЖОЛЫҒЫП, АСА МАҢЫЗДЫ САЯСИ НАУҚАНДЫ ӨТКІЗУГЕ ҚАТЫСТЫ АУМАҚТАҒЫ ӘЗІРЛІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ ТІЛДЕСКЕН ЕДІ.

— Тәуелсіз мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда республикамыздың атынан өкілдік ететін еліміздегі ең жоғары лауазымды тұлға — Мемлекет басшысы сайланатын сын сәтте, елдің билік тізгінін ұстайтын азаматқа таңдау жасауға тиіс электорат хақында және олардың азаматтық белсенділік деңгейі жайында не айтар едіңіз?

— Облыс аумағындағы сайлау құқығы бар азаматтардың бұған дейінгі елімізде өткен сайлаулардың барлығында да дерлік дауыс беру үдерісінде жоғары азаматтық белсенділік танытып келгендігін айта кеткен ләзім. Сондықтан, өңірдегі электораттың Республика Президентінің сайлауы өтетін ағымдағы жылғы сәуір айының 26-сы күні біркөсідей сайлау учаскелеріне келіп, өз таңдауларын жасайтындығына сенім мол. Ал сайлаушылар санына тоқталатын болсақ, биыл облыстың он ауданы мен Тараз қаласындағы барлығы 461 сайлау учаскесінде 514 815 адам өз таңдауын білдіретін болады.

Нақтылы кезеңде Тараз қаласы мен аудандардың әкімдері сайлаушылар тізімдерін акт бойынша 435 учаскелік сайлау комиссиясына тапсыруды қамтамасыз етіп отыр. Ал адамдардың қатысуы шектелінген қалған 26 учаскелік сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімі танысу үшін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық Заңының 26 бабына сай сайлауға бес күн қалғанда берілетін болады. Учаскелік сайлау комиссияларындағы сайлаушылар тізімінің сайлау өткенге дейін сақталуын аталған комиссиялар қадағалайды.

— Надежда Трофимовна, ендігі әңгіме желісіне сайлау учаскелерінің дайындығы туралы арқау етсек.

— Бүгінгі таңда облыс аумағында аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларын қосқанда барлығы 678 сайлау комиссиясы жұмыс істеуде. Олардың құрамындағы 3987 адам республикада тіркелген 22 саяси партияның өңірлік құрылымдарының, 759-ы 88 қоғамдық ұйымның ұсынысы бойынша сайланған. Қазіргі кезде облыс қалалары мен аудандарындағы 461 сайлау учаскесі түгелдей сайлау өткізуге даяр. Олардың қай-қайсысы да сайлаушылардың жасырын дауыс беруіне арналған кабиналар және сайлау бюллетеньдерін

салатын мөлдір жәшіктермен, телефон байланысымен, интернет ресурстармен, қажетті канцелярлық тауарлармен, сейфтермен, ұйымдастыру техникасымен, мемлекеттік рәміздермен толық жабдықталған. Сайлау өтетін күні ішкі істер органдарының қызметкерлері сайлау учаскелеріндегі қоғамдық тәртіпті сақтау және дауыс беру бюллетеньдері сақталатын орындарды күзету шараларын ұйымдастыратын болады.

Республика Президентінің кезектен тыс сайлауы өтетін күн белгіленгеннен бергі аралықта сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту және сайлауды өткізуге әзірлеу мақсатымен облыс көлемінде 45 сайлау-тренинг өткізілді. Бұл үдеріс қазірде сабақтастығын табуда.

— Енді сайлаушыларды тұрғылықты жері бойынша дауыс беру орны мен мерзімі жайлы хабардар ету мәселесінің қалай шешімін тауып жатқандығына тоқталсаңыз.

— Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық Заңының 38-бабы 2-тармағына сәйкес, әр учаскелік сайлау комиссиясы сайлауға он күн қалғанға дейін сайлау құқы бар барлық азаматтарды сайлау үдерісінің өтетін орны және уақыты туралы хабардар етіп үлгерді. Сол мақсатпен Тараз қаласы мен барлық аудандарда сайлау учаскесінің орналасқан жерімен дауыс беру уақыты көрсетілген шақыру билеттері әзірленіп, сайлаушыларға таратылды. Оның үстіне облыс аумағындағы көрнекті жерлерге Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтетін күн мен мерзімі көрсетілген 97 баннер орнатылған. Бұдан өзге өңірдегі қалалар мен ауылдық елді мекендерде сайлаушыларды дауыс беретін жерге дейін тасымалдап жеткізетін қоғамдық көлік бағыттары жасалып белгіленген. Тек бір ғана Тараз қаласының өзінде ғана сайлау өтетін күні сайлаушыларға жүзден астам қоғамдық көлік бағыты қызмет көрсететін болады.

— Өңірде Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары қалай ұйымдастырылуда?

— Ашығын айту керек, облыста құрылып, жұмыс істеп жатқан Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидаттардың сайлауалды қоғамдық штабтарының тарапынан күні бүгінге дейін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына үгіт материалдарын жариялау жөнінде бірде-бір тапсырыс түскен жоқ. Олар негізінен өз жұмыстарын сайлауалды көпшілік шараларын ұйымдастыру жолымен жүргізуде. Дегенмен, 17 сәуірге дейінгі аралықта облыстық мерзімдік басылымдарда кандидаттардың республикалық штабтарының жұмысы жайында ақпараттық қана мәні бар тең көлемдегі 48 материалдың жарық көргендігін айта кеткен жөн. Нақтылы кезеңде Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидаттардың сайлауалды штабтары волонтерлардың жұмысын ұтымды ұйымдастыруға және Президент сайлауына бақылаушы ретінде қатысатындардың тізімін жасап, нақтылауға жұмылдырылуда.

— Енді, облыс қалалары мен ауылдық елді мекендеріндегі сайлауалды әзірліктің барысымен танысып жүрген

халықаралық байқаушылардың жұмыс төңірегінде әңгіме өрбітсек.

— Ағымдағы жылдың 2 сәуірінен бастап облыста құрамы Норвегия мен Германияның өкілдері Даг Хэллсунд пен Бригитте Хоерден тұратын Еуропа қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы ұйымының ұзақ мерзімді халықаралық байқаушылар миссиясы жұмыс істеуде. Олар облыста болған кезінде облыстық, Тараз қалалық және бірқатар аудандардағы аумақтық сайлау комиссияларының мүшелерімен, облыс және Тараз қаласының әкімдерімен, облыс прокуроры және облыстық ішкі істер департаментінің басшысымен кездесу өткізді. Сондай-ақ, республикалық Жалпыұлттық социал-демократиялық партияның аумақтағы филиалының және Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидат А.Құсайыновтың сайлауалды қоғамдық штабының жетекшілерімен кездесті.

— Сайлаушылардың құрамы туралы да оқырмандарды хабардар еткеніңіз жөн болар.

— Жалпы, осы бағытта жүргізілген мониторинг қорытындысы сайлаушылардың 70 208-ін зейнет жасындағылардың құрайтындығын көрсетті. Сондай-ақ, сайлаушылар қатарында 5 377 әкімшілік мемлекеттік қызметші, 52 975 білім, 20 407 денсаулық сақтау, 2 772 мәдениет, 2 708 спорт саласының қызметкері, 26 327 жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенті бар екен. Бір атап өтетін жай, Республика Президентінің кезектен тыс сайлауында жасы биыл 18-ге толған 9 809 жас азамат алғаш рет сайлауда дауыс беріп, өз таңдауын жасайтын болады.

— Надежда Трофимовна, дауыс беру үшін сайлау учаскесіне келген сайлау құқы бар азаматтың сайлаушылар тізімінен өзінің аты-жөнін таба алмай қалуы да ықтимал ғой. Ондай оқиға орын алған жағдайда қандай шара қолданылуы тиіс?

— Ондай қолайсыздықтардың болу ықтималдылығы сайлауға әзірлік барысында толық қарастырылған. Біріншіден, мұндай оқиға орын алғандай болса, сайлаушы қалыптасқан жағдай туралы учаскелік сайлау комиссиясына баян етуге тиіс. Өз кезегінде сайлау комиссиясының мүшесі сайлаушыны сайлау учаскесіндегі интернетке жалғанған кешенді компьютерлік құралдармен, телефон-факс аппаратымен жабдықталған және сайлаушының өтініш жазуына, сондай-ақ, оның тіркелген тұрғылықты мекен-жайын нақтылауға арналған арнайы бөлмеге кіргізіп, белгіленген формада өтінішін жазғызып алған соң, халыққа қызмет көрсету орталығына телефон арқылы хабарласу немесе электронды пошта, факс қолдану арқылы сауал жолдайды. Соның негізінде ХҚК орталығының қызметкері электронды пошта я болмаса факс арқылы әлгі азаматтың өз өтінішінде көрсеткен мекен-жайға тіркелгенін айғактаса, онда сайлаушы сайлаушылар тізіміне енгізіліп, оған дауыс беру бюллетені берілетін болады.

— Өңгіміңізге рахмет, жұмыстарыңызға жемістілік тілейміз!

САЯСИ НАУҚАНҒА ҚЫЗУ ДАЙЫНДЫҚ

Абдан Төлепбергенов,
аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының
төрағасы.



Қазақстан халқы Ассамблеясының кезектен тыс Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізу туралы бастамасына орай, Орталық сайлау комиссиясының ағымдағы жылғы 26 ақпанда №5/262 қаулысымен дайындық туралы күнтізбелік жоспар бекітілді. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы күні жақындаған сайын аудандық аумақтық сайлау комиссиясында жұмыс ауқымы бұрыннан да арта түсуде.

Бүгінгі күнде басты назарымыз үлкен саяси науқанды қызу дайындық нәтижесінде ұйымшылдықпен өткізуге бағытталып отыр.

Осыған орай, аудандық аумақтық сайлау комиссиясы, апта ішінде, өздері белгілеген жоспарға сәйкес көптеген іс-шараларды жүзеге асырды. Атап айтқанда, аудан аумағында құрылған барлық сайлау учаскелерінде оның мүшелерімен, аудандық ішкі істер органдары қызметкерлерімен, электр қуатын тарату мекемесінің жсауатты мамандарымен, телефон байланысы, аурухана және басқа да сайлауға қатысы бар мекемелердің лауазымды тұлғаларымен семинар-кеңес өткізілді. Аталмыш семинар-кеңесте сайлау болатын

күні аталмыш мекемелердің жұмысында ешқандай үзіліс болмауы және қоғамдық тәртіптің жоғары деңгейде сақталуы жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар, семинар-кеңесте сайлау науқанын қаржылық, материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етуге байланысты өзекті мәселелер жөнінде бірқатар түсініктеме беріліп, сайлау учаскелерінде дауыс беруді ұйымдастырудың және өткізудің рәсімдеріне, учаскелік сайлау комиссияларының іс-әрекеттеріне айрықша көңіл бөлінді. Сондай-ақ сайлау процесіне қатысушылардың бәрінің сайлау заңнамасы нормаларының бұлжытпай сақталуын қамтамасыз ету және өзара іс-қимыл жасау тиімділігін арттыру қажеттілігі ескерілді.

Сондай-ақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының кеңейтілген отырысы болып өтті. Отырыста сайлау комиссиясының дауыс беруі кез келген уақытта аяқталуы мүмкін сайлау учаскелерінің тізбесін бекіту туралы аудандық аумақтық сайлау комиссиясының шешімі қабылданды. Осы отырыста 2015 жылдың 26 сәуірі күні Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы жергілікті уақытпен таңертеңгі сағат 07.00-де басталып, кешкі сағат 20.00-де аяқталатындығы және сайлау учаскелерінде дауыс беретін орындар белгіленіп, ол орналасқан мекен-жайлар аудандық басылым «Ауыл жаңалығы»-

«Сельская новь» газетінде жарияланып, сайлаушылар толық хабардар болды.

Учаскелік сайлау комиссияларында орналасқан дауыс беру орындарына стационарлық және жылжымалы дауыс беру жәшіктері қойылып, дауыс беретін кабиналар жасалып, толығымен жабдықталды. Барлық сайлау учаскелерінде сайлау комиссияларының тиімді, кедергісіз жұмыс істеуіне жан-жақты жағдай туғызу мақсатында оларға қажетті техникалық құрал-жабдықтардың толық қамтамасыз етілуі зерделеніп, тексеруден өткізілді.

Осындай жүйелі түрде жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде қазіргі таңда аудан аумағындағы барлық сайлау учаскелері түгелдей қажетті заттармен және техникалық құрал-жабдықтармен толық қамтылып отыр. Күнтізбелік жоспарға сай ауыл, ауылдық округ әкімдері сайлаушылар тізімін уақытылы тиісті актімен тапсырды. Осыған байланысты кез келген сайлаушы өзінің тізімде бар-жоғын тексеріп, білуіне мүмкіндіктер жасалды. Қазір сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімі көрнекі жерге ілініп, қойылған. Әрбір сайлаушы өз сайлау учаскесіне барып, таңертеңгі сағат 09.00-ден кешкі сағат 18.00-ге дейін тізімде бар-жоғын біле алады.

